

## **2001 жылғы ақпанда, наурызда Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес сыртқы заемдар бойынша төлемдерді өтеу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 28 ақпан N 300

Қазақстан Республикасының шетелдік несие берушілер алдындағы міндеттемелерін орындау және дефолт фактілеріне жол бермеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес сыртқы заемдар бойынша республикалық бюджеттен оқшауландырылған қаражаттың қайтарылуын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

### **1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:**

1) 1992 жылғы 6 қарашадағы N 13-6/И-947, 1993 жылғы 7 маусымдағы N 26-15/8347, 1993 жылғы 18 қарашадағы N 22-1-6/38, 1995 жылғы 8 маусымдағы N Ф 22-3/8, 1995 жылғы 9 тамыздағы N Ф-22-3/11 Қазақстан Республикасы берген мемлекеттік кепілдіктерге сәйкес, шетел банктері шоттарының негізінде қосымшада көрсетілген дәрменсіз заемшылар (бұдан әрі - заемшылар) үшін 2001 жылға арналған республикалық бюджетте "Мемлекеттік кепілдіктер бойынша міндеттемелерді орындау" бағдарламасы бойынша көзделген қаражаттың шегінде төлемдерді, сондай-ақ кейіннен осы төлемдер кешіктірілген жағдайда, айыппұл пайыздарын төлеуді жүргізсін ;

2) заемшылардың Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес сыртқы заемдарды пайдалану жөніндегі қызметіне қаржылық-шаруашылық тексеру жүргізсін және оларды пайдалануды бұзу фактілері анықталған жағдайда кінәлі адамдарды Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңнамасына сәйкес жауапқа тарту мақсатында материалдарды құқық қорғау органдарына, соттарға тапсырсын.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі, Қаржы полициясы агенттігі заңнамада белгіленген тәртіппен заемшылардың банкроттығы рәсіміне дейін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес сыртқы заемдар бойынша қаржылық міндеттемелерін орындамаған тұлғаларды азаматтық-құқықтық және қылмыстық жауапкершілікке тартуға шаралар қолдансын.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Мемлекеттік кіріс министрлігі, Қаржы полициясы агенттігі және "Қазақстан Эксимбанкі" жабық акционерлік қоғамы (келісім бойынша) бөлінген қаражаттың республикалық бюджетке қайтарылуын қамтамасыз ету жөнінде барлық қажетті шараларды қолдансын және қаржылық міндеттемелері республикалық бюджеттің есебінен

орындалған заемшыларға қатысты бөлінген мемлекеттік бюджеттік қаражатты қайтару жөнінде қолданылған шаралар мен олардың нәтижелілігі туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат берсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
2001 жылғы 28 ақпандағы  
N 300 қаулысына  
қосымша

Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес сыртқы заемдарды өтеу жөніндегі төлемдердің  
Сомасы

---

Заемшы ұйым	Төлем	Төлем	Төлем	Негізгі	Пайыздар	Басқалары
!	валюта.!	күні	сомасы	!	борыш	!
!	сы	!	!	!	!	!

---

Германия несие желісі

---

"Жылуприбор" АҚ	EUR	01.12.00	5 991,24	0,00	0,00	5 991,24
ҚР ІІМ ҚТЖД	EUR	01.02.01	857 459,99	778 373,95	79 086,04	0,00
АЗАТ	EUR	01.03.01	1 447 016,10			
			1 312 486,26			
			134 529,84	0,00		

"Павлодартрактор"

МАҚ	EUR	01.03.01	2 180 446,86			
			1 809 499,47			
			370 947,39	0,00		

---

Канада несие желісі

---

"Аквест" БК	USD	15.02.01	785 415,91			
			757 351,82			

		28 064,09	0,00
Барлығы	EUR	4 490 914,19	
		3 900 359,68	
		584 563,27	5 991,24
	USD	785 415,91	757 351,82
		28 064,09	0,00

---

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Қасымбеков Б.А.